**plans.label.author**: Злиха Сембаева Асқарқызы
**plans.label.category**: Қазақстан тарихы
**plans.label.class**: 6-сынып
**plans.label.section**: VI - IX ғасырлардағы Қазақстан
**plans.label.theme**: Көне түріктердің жазуы

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 6.2.3.1 – көне түркі жазуының маңызын түсіндіру |
| Сабақтың мақсаты: | Түркі дәуірінің атақты тұлғаларының қызметін саралау арқылы VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін талдайды. |
| Тілдік мақсаттар: | Күлтегін жазбасы және Білге ескерткіштерінен үзінді мәтінмен жұмыс жасайды (оқылым дағдысы). Түркі жазба ескерткіштерінің маңыздылығын дәлелдейді (айтылым дағдысы) Диалог пен жазуға пайдалы сөздер тізбегі: ... дерегі маңызды, себебі... Қағанның тұсындағы ең басты өзгерістер / жетістіктер болды... оған қарағанда маңыздырақ болды, өйткені... Бұл оқиға /өзгеріс маңызды болды / айтарлықтай, өйткені... Пәндік лексика мен терминология: Қаған,қағанат, Шығыс Түрік қағанаты, руна, бітік тас, құлпытас, дерек, түпнұсқа дерек, әлеумет, әлеуметтік топ. |
| Күтілетін нәтиже: | Оқушының жаңа тақырыпты толық меңгеруі |
| Бағалау критерийлері: | Түрік жазба ескерткіштерінің маңыздылығын дәлелдейді. |
| Құндылықтарды дарыту: | «Мәңгілік Ел» идеясы: «Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы» құндылығы түркілердің жазуының тарихи маңыздылығын түсіну барысында жүзеге асады |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Интерактивті тақта және жеке-жеке компьютермен тапсырмаларды орындау. |
| Пәнаралық байланыс: | Қазақ тілі пәні пәнінен алған білім және білік дағдыларын тарихи тұлғаға мінездеме жазу кезінде қолданады Қазақ әдебиетінен алған білімдерін Күлтегін жырының мазмұнын талдау барысында қолданады |
| Бастапқы білім: | VI – IX ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы ерте орта ғасырлық мемлекеттер мен олардың қағандарын біледі. |

## plans.stages

| plans.schedule.stages | plans.schedule.activity | plans.schedule.resources |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5мин) | Б<br>Тақтаға ЕҮУ-не көшірмесі әкелінген Күлтегін ескерткішінің суретін шығарып қойыңыз. Сұрақтар қою:<br>Суретте қандай ескерткіш берілген?<br>Ол қай жерде орнатылған?<br>Ескерткіш қай жерден әкелінген?<br>Неліктен қазақ жеріне бұл ескерткіштің көшірмесі әкелінді?<br>Түркі жазба ескерткіштерінің маңыздылығы неде?<br>Оқу мақсаты мен бағалау критерийлерін таныстырыңыз.<br>5e42749e2da82.png Image not found or type unknown | |

| plans.schedule.stages | plans.schedule.activity | plans.schedule.resources |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы (30мин) | Зерттеу<br>**1-тапсырма.**<br>Т/Ж Тасқа қашап жазылған Күлтегін, Тоныкөк жырларын оқып, тыңдап бұл ескерткіштердің тарих ғылымы үшін маңызын дәлелде.<br>https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/6-synyp/kone-turki-zhazuy?mid=4:simple<br>5e42774d89cc37.png<br>Image not found or type unknown<br>Бағалау критерийі: Түрік жазба ескерткіштерінің маңыздылығын дәлелдейді.<br>Дескрипторлар:<br>Жазба ескерткіштердің тарихи дерек ретіндегі маңызына 3 дәлел келтіреді;<br>Түркі халықтарының рухани мұрасы ретіндегі маңызына 2 дәлел келтіреді.<br>**2-тапсырма.**<br>Т/Ж «9 гауһар тас» тапсырмасы Орхон-Енисей ескерткіштерінің Білге қаған мен Күлтегіннің мемлекетті нығайтудағы саясаты туралы ең маңызды дерек көзі екендігін дәлелде. Дәлелдерді маңыздылығына қарай орналастыру керек. Алдыңғы тапсырмада ұсынған дәлелдерді қолдана алады.<br>Бағалау критерийі: Түрік жазба ескерткіштерінің маңыздылығын дәлелдейді.<br>Дескриптор: Жазба ескерткіштерден Білге мен Күлтегін туралы ең маңызды ақпаратты дәлел ретінде көрсете алады. Дәлелдерді маңыздылығына қарай орналастырады. Маңыздылық ретін негіздеп түсіндіреді.<br>**3-тапсырма.**<br>https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/6-synyp/kone-turki-zhazuy?mid=5:expressions<br>5e42755cab757.png<br>Image not found or type unknown<br>https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/6-synyp/kone-turki-zhazuy?mid=9:choice<br>5e427579091f7.png<br>Image not found or type unknown | 5e427602956de.png<br>Image not found or type unknown<br>Bilimland.kz |
| Сабақтың соңы (2мин) | Осы тақырып бойынша қосымша іздену | |
| Рефлексия (3мин) | Рефлексия Білемін Білдім Білгім келеді | |